

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" 1999 жылғы 19 ақпандағы N 17 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысы 1999 жылғы 15 қараша N 401. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 қарашадағы № 88 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен.**

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың құрылтай құжаттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" 1999 жылғы 19 ақпандағы N 17 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

4-тармақтағы "1999 жылғы 30 қарашаға дейін" деген сөздер "2000 жылғы 1 сәуірге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 1999 жылғы 1 желтоқсаннан бастап күшіне енгізілсін.

3. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Қасымжанова Г.З.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулыны Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

*Төрағасы*

Оқығандар:

Б а г а р о в а Ж . А .

Икебаева А.Ж.

